

Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы мұнайгаз өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім

Келісім, Ашгабатта 1993 жылғы 19 мамыр

*** Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2003 ж., N 10, 74-құжат.**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстанның Үкіметі, екі Тараптың арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту мен дамыту мақсаттарында, теңдік пен өзара пайда негізінде мұнайгаз өнеркәсібін дамытудағы өзара мүдделілікті мойындай отырып, төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

Түрікменстан 1994 жылдан бастап Қазақстан Республикасына 7,0 млрд.м куб. көлемінде табиғи газ, соның ішінде 2,8 млрд.м куб. Саман-Тепин газын береді.

Тараптар Қазақстан Республикасының оңтүстік аудандарына газды тікелей беру мүмкіндігін қарастырады, ол үшін Қазақстан жағы Өзбекстан Республикасымен Мүбарек ГПЗ-ін қайта өңдегеннен кейін Саман-Тепин газын тасымалдау және "Қазақгаз" Ұлттық газ компаниясына "Бұхара-Урал" газ құбыры телімінің КС "Сазакино"-дан КС-0 Газлиге дейін диаметрі 1020 мм ұзындығы 220 км болатын бір желісін жалға беру туралы келіссөздер жүргізеді.

2-бап

Түрікменстаннан Қазақстан Республикасына газ жеткізу келісім бағалары бойынша жүзеге асырылады.

3-бап

Қазақстан жағы өзінің ауқымы бойынша Түрікменстанның табиғи газының еркін өтуіне жол ашады. Газдың-транзиті үшін тарифтер жеке шартпен анықталады.

4-бап

Түрікмен жағы қазақ жағына жеке шарттарға сәйкес мұнай өнімдерін қайтару шарттарымен Түрікменстанның мұнай қайта өңдеу заводтарында мұнайды қайта өңдеу мүмкіндігін ж а с а й д ы .

Қазақстан жағы мемлекеттік, коммерциялық құрылымдарға және Түрікменстанға тікелей мұнай жеткізетін мұнай өндіру кәсіпорындарына үкіметаралық келісімдермен анықталған квотаның үстінен қосып қажетті квоталарды бөлуге жәрдемдеседі.

5-бап

Осы Келісім оған қол қойылған кезден бастап күшіне енеді.

Ашгабатта 1993 жылы 19 мамырда әрқайсысы қазақ, түрікмен және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды, сондай-ақ барлық текстің күші бірдей.

(Қолдары)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК